

## ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ БОЛҒАН ҚАДІРЛІ ТҮЛҒА

Б.С. ЖАКИЕВ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Мына жарық әлемдегі аз күндік тіршілігімізге ата-бабаларымыз «алдамшы дүние» деген атауды тегін таққан ба! Расында, алдамшы. Алға жетелейді, үміттендіреді, еліктіреді. Сөйтіп жүргенде... сәуле шырағы жанарыңнан ең соңғы рет жарқ етеді де, өте шығады. Сондықтан болар, халқымыз «өмір – керуен» деп атаған. Осы жақында ғана Қазақстанның батыс өңірінің хирургиясының негізін қалаушылардың бірі және өсіп өнуіне тікелей атсалысқан талантты Ұйымдастырушы, қолы шипалы Дәрігер хирург, көптеген шәкірттер дайындаған Ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі, ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері, медицина ғылымдарының докторы, профессор Намаз Ізімбергенұлы Ізімбергенов 2019 жылдың 3 желтоқсанында өмірден озған болатын.



Халқымыз естелік – екінші өмір дейді. Көзден кетсе де, көңілде қалған қадірлі ұстазымыз Намаз Ізімбергенұлы туралы жазылған естеліктерді оның шынайы екінші өмірінің басталуы деп айтуға болады. Естелік ешқашан ескірмейді, атадан балаға мәңгілікке жалғасады. Ұрпағына өнеге, үлгі, өсиет болып қалады. Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген ағылшын діндары Чарльз Хеддон Спруджен «Өз есіміңді мәрмар тасқа емес, адамдардың жүрегіне жаз» деген екен. Ұлағатты ұстазымыз Намаз ағаның ғибратты ғұмыры ағайын туыс, бауырлары мен бірге өскен, бірге оқыған достарының, жора-жолдастарының, қызметтес әріптестерінің, құда-жекжаттарының, оны көрген, білген адамдардың жүрегіне мәңгілікке жазылып қалатыны анық.

Табиғатпен тамырлас адамзаттың өмір кезеңдері де жылдың жазғы маусымындай ұзақ көрінуі де, қысқы атар таң батар, күннің жолындай қысқа

көрінуі де – өмір заңдылығы. Биікке, алға жарқырай құлаш ұратын, риясыз көңілмен жан-жағына шуақ шаша шарықтайтын кезеңде жаныңды түсінер, ісіңе сүйсінер, қуанышыңды бөлісер, қайғыңа ортақтасар, сырынды тыңдап ақыл қосар, Ұлағатты ұстаз тапқаныма Аллаға мың да бір шүкірлік етемін.

Ұстаз туралы сәулелі сөз, салиқалы пікір айту үшін ағамыздың жүріп өткен өмір жолдарына соқпай кету әбестік болар еді. Намаз Ізімбергенұлы 1937 жылы 25-ші желтоқсанда Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысының Түпқараған (бұрынғы Т.Г.Шевченко) ауданында қарапайым шаруалар отбасында туған. 1956 жылы Форт-Шевченко қаласындағы С.М.Киров атындағы қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін екі жылдай ауыл Советінің хатшысы болып қызмет жасаған кезде халықтың мұң-мұқтажын, ел ішінде жетіспейтін олардың өмірі үшін ең маңызды мәселелерге көзі жетіп білуі осы дәрігерлік мамандықты саналы тандауға мұрындық болды. 1958 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсті. Бірінші курстан бастап биология кафедрасының студенттік ғылыми үйірмесіне қатысып, Софья Наумовна Гордина сынды ұлағатты ұстаздардың жетекшілігімен эксперименттік жұмыстармен айналысып, студенттердің конференцияларынды баяндамалар жасап жүлделі орындарға ие болғаны жөнінде Намаз ағамыз айтып отыратын-ды. Сол ұстазы институттың соңғы курсына жүргенде «Егер сен хирург болуды армандасаң, өзің ұнататын жұмыспен айналыс, тек жақсы хирург бол» деп ақ батасын берген болатын. Оқу орнын 1964 жылы үздік белгімен бітіргеннен кейін сол институттың хирургия кафедрасында клиникалық ординатураға қалдырылды. Клиникалық ординатураны бітіргеннен кейін өзі оқыған кафедрада ассистент болып қалуды ұсынған. Бірақ Намаз Ізімбергенұлы «студенттерді оқытуға білімім жетпейді» деп ұсынған жұмыстан бас тартқан. Бұл бас тарту кездейсоқ шешім емес, болашақ ғалым-ұстаздың өмірлік қағидаларының бірі еді. Осы қағиданы бүкіл өмір бойы қатаң сақтап келді. 1966 жылы Мәскеу қаласындағы атақты Ленин орденді Орталық дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының хирургия кафедрасына аспирантураға түсті. Осы хирургия кафедрасында Александр Николаевич Бакулевтің шәкірті РСФСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер профессор Тимофей Павлович Макаренко сияқты ғалымдардың тәлім тәрбиесін алды. Мәскеу қаласында, өзі оқыған институтте кандидаттық (1970ж.) және докторлық (1978ж.) диссертацияларын



қорғады. Намаз Ізімбергенұлының екі диссертациясы да бауыр, өт жолдары хирургиясының мәселелеріне арналған. Сондықтан ол еліміздегі бауыр - өт жолдары ауруларының белгілі маманы болып есептелді. Мәскеудегі өмір Намаз ағамыз үшін өте үлкен мектеп болды. Қаланың ғылыми-мәдени өмірі, атакты мұражайлары, өнер ошақтары Намаз ағамыздың интеллектуальды өсуіне көп әсерін тигізді.

Намаз Ізімбергенұлы аспирантураны бітіргеннен кейін 1969 жылы өзі бітірген Ақтөбе медицина институтының госпиталдық хирургия кафедрасына ассистент болып орналасты және осы кафедрада барлық өмірін өткізіп, (1969-1975 жылдары ассистент), (1975-1978 жылдары доцент), (1979-2003 жылдары кафедра меңгерушісі), 2004 жылдан бастап өмірінің соңына дейін кафедра профессоры болып қызмет жасады.

Немістің ғұламасы И.Гете «Біліп қана қою – аз, сол білгенінді істе қолдана білуің керек» деген екен. Біздің ардақты ұстазымыз Намаз Ізімбергенұлы өзінің терең білімін іс жүзінде қолдана білген адам.

Намаз ағамыз басшылық еткен ұзақ жылдар ішінде госпитальды хирургия кафедрасы емдеу, мамандарды дайындау және ғылыми жұмыстарды жүргізу жағынан біте қайнасқан елімізге танымал белгілі ғылыми орталықтардың біріне айналды. Көптеген дәрігерлердің, институтта істейтін жас ұстаздардың ғылыммен айналысып, диссертациялар қорғауына жағдай туғызылды. Осы орталықта Намаз ағамыздың жетекшілігімен 6 докторлық және 28 кандидаттық диссертациялар қорғалып, сонымен бірге клиникалық ординатурада өздерін Намаз Ізімбергенұлының шәкіртімін дейтін қаншама жоғарғы дәрежелі хирург мамандар дайындалды. Қазіргі уақытта осы шәкірттері университетімізде және еліміздің түкпір-түкпірінде көптеген хирургиялық мекемелерде абыройлы қызметтер атқарып жүр. Осыған байланысты қазір Батыс Қазақстан аймағында жұмыс жасап жатқан хирургтерді «профессор Ізімбергенұлының мектебінен шыққан дәрігерлер» деп атайды. Намаз Ізімбергенұлы Батыс Қазақстан аймағы тарихында өзінің мектебін ашқан алғашқы ғалым-хирург болды.

Намаз ағамыз Батыс Қазақстан өңірі

хирургиясының бет-бейнесі болды десек, артық айтқан болмаспыз деп ойлаймын.

Өйткені профессор Ізімбергенұлы Н.І. өзінің кафедра меңгерушілік жұмысын кафедра орналасқан ауруханаға жаңа аппараттар алудан, жаңа емдеу әдістерін тәжірибеге енгізуден, қазіргі заман талабына сай хирургия саласының бөлімшелерін ашудан бастады. Сол 1980-1985 жылдардың өзінде клиниканың жанынан эндоскопиялық, сәулелік тексеру бөлмелері, детоксикациялық, жоғарғы қысымды өттегімен емдейтін бөлімшелер ашылды. Тәжірибеге лапароскопиялық тексеру, лазер сәулесімен емдеу әдістерді енгізді. Осындай ем түрлерін қажет ететін көптеген науқастар Қазақстанның батыс облыстарынан Намаз ағамыз басқарып отырған клиникаға келіп денсаулықтарын түзеп жүргендеріне біздер куә болдық.

Намаз Ізімбергенұлының ғылыми зерттеу жұмыстары да әртүрлі тақырыптарға бағышталған еді. Намаз ағамыздың жазған еңбектері, қорғаған кандидаттық, докторлық диссертациялары бауыр, өт жолдары хирургиясын зерттеу мәселелері болса да, кафедра орналасқан облыстық ауруханада ең басты



мәселе – жедел хирургия, іш қуысы ағзаларының аурулары, олардың іріңді асқынулары болды. Сондықтан, өзінің ғылыми бағытын өзгертіп, осы Ақтөбе халқының мұқтажын шешуге кірісті. Сол кездегі өте жиі кездесетін және өте жоғары кісі өлімін беретін перитонит мәселесімен айналысты. Алдына мақсат қойып белгілі бір бағытта жұмыс жасаса, адам баласының алмайтын қамалы, жетпейтін межесі жоқ екендігі белгілі. 1986-90 жылдары Ақтөбе қаласы, республикаға және одаққа белгілі Хирургия орталығына айналды. Намаз ағамыздың ұйымдастыруымен Ақтөбе қаласында бірнеше республикалық, бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. Аталмыш іс-шаралар жедел хирургияда кездесетін өте ауыр асқынулардың емдеу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік туғызды. Қазақстанда бірінші рет Намаз ағамыз басқарған клиникада іш қуысының іріңді асқынуларын, перитонитті емдеудің жаңа инновациялық әдістері тәжірибеге енгізілді – лапаростомия, операциядан кейінгі кезеңде іш қуысын жоспарлы түрде тазалау,

іш қуысын озонмен өңдеу, ішек арқылы озонотерапия жасау, шарбымай қуысын лапароскопиялық әдіспен тазалау. Сонымен бірге Намаз Ізімбергенұлы елімізде алғашқы рет қазіргі эндоскопиялық технологияны хирургияның байырғы ашық әдісімен бірге операциядан кейінгі кезеңде іш қуысын тазалауға пайдалануды тәжірибеге енгізді. Соның нәтижесінде баяғы 44% кісі өлімін беретін перитониттен кісі өлімі 11,8%, панкреонекроз кезінде 67%-дан 14,2%-ға дейін төмендеді.

Осындай ғылыми-тәжірибелік жетістіктерге байланысты сонау 1990 жылы Қазақ ССР-і денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен Ізімбергенов басқаратын клиниканың жанынан жедел хирургия және перитонит мәселелерімен шұғылданатын Республикалық орталық ашылған болатын. Бұл Орталық аталмыш мәселелер бойынша әлі де табысты қызмет атқарып келеді. Солардың бірі – 2004-2006 жылдары «Абдоминальды хирургиядағы ірінді-септикалық ауруларды емдеу және алдын алу» тақырыбы бойынша ресми қаржыландырумен орындалған Мемлекеттік жоба. Осы ғылыми жобаның нәтижелері халықаралық экспертизадан өткізіліп өте жоғарғы бағаға ие болды.



Тағылымы мол ұстаз Намаз ағамыздың Отандық хирургияны өркендетуге қосқан үлесі және ғылыми-тәжірибелік ерен еңбектері жоғары бағаланып, 1994 жылы Қазақстан ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 2003 жылы академигі болып сайланды, 1997 ж. А.Н.Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми Орталықтың және А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеттің құрметті профессоры, 1998 ж. Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткері атанса, 1999 ж. Дүниежүзілік хирургтер Халықаралық қоғамына мүшелікке қабылданды. Бұл қоғамға сайлану – хирургтерді кәсіби бағалаудың ең жоғарғы сатысы болып есептеледі. Өйткені, Кеңес Одағы кезінде Қазақстаннан бұл ұйымға тек жалғыз адам А.Н.Сызғанов атындағы хирургиялық орталықтың директоры академик М.А.Алиев мүше болды. Сонымен бірге 2000 жылы Халықаралық (Кембридж, Англия), Америкалық (Нью-Йорк, АҚШ) өмірбаяндық орталықтардың



бірнеше құрметті атақтарының иегері, оның ішінде «XXI ғасырдың 2000 көрнекті интеллектуалдарының бірі ретінде танылуы» және 2008 жылы ЕвроАзия ғылыми қорының «Алтын скальпель» жүлдесімен марапатталуы егемендік алған еліміз үшін үлкен мақтаныш болды.

Ізімбергенов Намаз Ізімбергенұлы кең өрісті, өз бойына техникалық жаңалықтарға деген құштарлықпен клиницизмнің өшпес қағидаларын тығыз ұштастыра жинаған жоғары дәрежелі хирург болды. Дәрігер-хирург ретінде атақты Ресей хирургия мектебінің адамгершілік, мейірімділік қағидаларын қатаң ұстады. Сондықтан халық Намаз Ізімбергенұлын ең алдымен дәрігер ретінде бағалады. Елдің сүйікті дәрігері Ақтөбе қаласының (2003ж.) және өзінің туып өскен Маңғыстау облысындағы Түпқараған ауданының «Құрметті Азаматы» атанды.

2009 жылы Ақтөбе қаласының 140 жылдық мерекесіне байланысты «Актюбинский вестник» газеті редакциясы ұйымдастырған «Ақтөбе өңірінің атағын шығарған 40 тұлға» атты конкурстың жеңімпазы атанды. Өздерінің мақтаныш тұтатын сүйікті ұл-қыздары: батырлар Қобланды, Есет батыр, Алия Молдағұлова, атақты тарышы Шығанақ Берсиев, ғалымдар ағайынды Жұбановтар, космонавт Виктор Пацаевтардың арасында Намаз Ізімбергенұлының есімінің аталуы, халықтың ағамызға деген алғысы, берген бағасы, марапаты екендігі сөзсіз.

2006-2007 жылдары Ел Президентінің Халыққа жолдауында әдейі көрсетілген Республикадағы денсаулық сақтау жұмысының негізгі міндеттерінің бірі – ана мен бала өлімін төмендету болып табылды. Бұл уақытта Намаз ағамыздың зейнеткерлікке шыққан уақыты, соған қарамастан құрамында акушер-гинеколог маманы бар академиялық топ құрып, осы мәселені шешуге кірісті. Намаз Ізімбергенұлы ана өлімінің басты себептерін зерттеп, жүкті және босанған әйелдерге жедел хирургиялық көмек көрсетудің жаңа жүйесін ұсынды. 2009 жылы Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау департаментінің бұйрығымен клиника жанынан Республикамызда ең бірінші болып, осы әйелдерге хирургиялық көмек көрсететін орталық ашылды. Аталған орталық жүкті және босанған әйелдерге жедел хирургиялық көмек көрсетумен қатар, акушериядағы ірінді-



септикалық асқинуларды, перитониттерді емдейтін мекемеге айналды. Осындай ұйымдастыру, ғылыми жұмыстардың нәтижесінде 2009 жылдан бері 10 жыл бойына Ақтөбе облысында хирургиялық аурулардан ана өлімі тіркелген жоқ. Сонымен бірге Кесар тілігі операциясынан кейінгі перитонитті емдеу барысында Қазақстанда алғаш рет мүшені сақтау әдісі енгізілді. Кесар тілігі операциясынан кейінгі перитонит болған әйелдердің 16-сына мүшені сақтау операциясы жасалды, оның 3-де жүктілік болып сәби босанды. Бұл үлкен жетістік болды. Өйткені, әйелдерді әйелдік болмысынан, келешекте бала көтеру мүмкіндігінен айырмайтын ем әдісі. Намаз Ізімбергенұлының бұл жаңалығы тек ана өлімін болдырмай ғана қойған жоқ, сонымен бірге бүкіл ем жүйесін жаңа сатыға көтерді.

Намаз ағамыз – тек қана медицинаның хирургия саласы ғана емес, сонымен бірге деонтологиялық және моралдық-этикалық мәселелерге де көп көңіл бөлген адам. Бұл мәселе біздің Елімізде кенжелеу қалған мәселе-тұғын. Намаз Ізімбергенұлының 1994 жылы шыққан «Хирургиядағы деонтология» атты еңбегі Республикадағы осы мәселеге арналған алғашқы туындылардың бірі болды. Өйткені, Қазақстанда қазақтың ұлттық ерекшеліктерін білетін қазақ дәрігері жазған бірде-бір еңбек жоқ. Бәрі – орыс тілінде жазылған еңбектер. Соңынан 1999 жылы «Очерки хирургической деонтологии» атты екінші кітабы шықты. Қазіргі кезде аталған монографиялар студенттердің, дәрігерлердің қолынан түспейтін оқулықтардың бірі болып отыр.

Профессор Н.І. Ізімбергенов кафедра басшылығына келген күннен бастап студенттердің нақтылы білім алуын, олардың қазіргі өмір талабына сәйкес болып шығуын кафедра жұмысының басты қағидасына айналдырды. Осыған байланысты өзінің педагогикалық тәжірибесі негізінде 2013 жылы «Очерки педагогики высшей медицинской школы» атты кітабын шығарды. Аталған еңбек те Республикамыздағы осы тақырыпқа арналған алғашқы туынды болды.

Н.І. Ізімбергенов – 570 ғылыми еңбектердің авторы. Олардың ішінде 20 монография, 2 дәрігерлер үшін нұсқау, бірнеше студенттерге арналған оқу құралдары, медицина саласынан ашылған 22

жаңалыққа патенттер және дәрігер-хирургтерге арналған 28 әдістеме-нұсқаулар бар. Намаз Ізімбергенұлы ғылым деп тек тиісті нәтижелер беретін зерттеулерді ғана санайды. Сондықтан бұл аталған еңбектердің әрқайсысы – өз орны бар, өз көрсеткіші және нәтижелері бар жаңалықтар.

Намаз ағамыздың еңбектерінің көбі екі тілде – орыс және қазақ тілдерінде жазылған. Мәселен, қазақшасы аударма емес, табиғи, автордың ой-өрісін, көзқарасын әр оқушыға жақсы түсінетін тілде жеткізуі, ал орысшасында қазақ дәрігерінің иісі, жандүниесінің ұлттық ерекшелігі, лебізі сезіліп тұрады.

Ғылым жолын қуған адамдардың өмірінде ұмытылмас із қалдыратын, бүкіл болмыс-бітімімен, кісілік келбетімен, ақыл-парасатымен өнеге тұтатын жандар болады. Ақыл, қайрат, жүрекке төрелік айтып, жөнге салатын ғылыммен айналысу ізгі ниетті, асыл мұратты, қажырлы қайратты қажет етері хақ. Тереңіне бойлаған сайын жаныңды нұрландырып байыта түсер ғылымның берері де зор. «Дүние – үлкен көл, замана – соққан жел», уақыт парактарын сусылдата жауып, жалынды, жалаулы жылдар жылыстап артта қалды. Өмір белестерінің сол бір көкжиегіне көз жүгіртсем, сағым жылдар сағынышпен елестейді. Ғылым жолында Намаз ағамыз мені нақтылыққа, ғылыми тұжырым, түйін жасауға, көпсөзділіктен аулақ болуға, зерттеген тақырыбыңды дендеп игеруге үйретті. Диссертациямның алғашқы тарауын жазып алып барғанымда қыстырма сөздер мен болжам түрінде айтылған пікір, жорамалдарды сызып тастады. «Сенің зерттеп жүрген тақырыбыңды сеннен артық кім біледі, ғылыми пікірлерің, қорытынды тұжырымдарың дәлелді нақты болу керек, ғылымда «ақсақал айтты, шал айтты» деген болмайды» деген болатын-ды. Мінекей, қазіргі таңда өзіміз көптеген ғылыми жұмыстарға пікір жазып, диссертациялық ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасап жүрген уақытта, осы ақыл-кенестері әрдайым көз алдымда тұрады.

Намаз ағамыздың шығармашылық идеяға бай, оны ұйымдастыруы жағынан жоғары деңгейде болуы, кез келген мәселенің жаңа шешімін таба білуі, шәкірттеріне әрдайым қатаң талап қоя білуі, жан-жақтылығы әлі күнге дейін біздерді тандандырып қызықтырып келеді.

Сондықтан Намаз ағамыз талаптылардың тынысын ашып, қанаттандырып жіберуді дәстүрге айналдырған жандардың бірі болғандығы даусыз. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Абай атамыздың тағылымды сөзі осы кісіге арналған деп айтсақ, артық болмас. Намаз ағамыздың қамқорлығына бөленіп, мейірін көргендер қаншама. Қазіргі таңда көптеген шәкірттері ғылым кандидаттары мен докторлары атанып ағамыздың абыройын асқақтатып жүр.

Тағы бір айтайын дегенім, Марк Твен деген жазушы «егер дәрігер медицинадан басқа ештеңені білмесе, ол онда медицинаны да білмейді» деп айтқан екен. Осы орайда Намаз ағамыз тек қана медицина

– хирургия саласын толық игеріп қана қойған жоқ, сонымен бірге әдебиет, халқымыздың тарихын және өнерін зерттеп, көп көңіл бөлген адам. Қызметінен қолы қалт етсе, Сократ, Аристотель, Әл-Фараби, Шекспир, Гёте сынды ғұламалардың шығармаларын оқып, қажетті цитаталарды қойын дәптеріне түртіп алуды әдетке айналдырған жан. Сурет әлемінің де иірімдеріне терең бойлай білген, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген, өзгенің пікірін тыңдай білген, қажетті жерінде әзілдесе де білген, әділетсіздікке жаны қас парасатты тұлғаның өн бойынан өз ісіне адал берілген, хирургия кеңістігінің майталманын, парасатты ақылшыны, ардақты ағаны, талапшыл да талғампаз сыншыны, кемеңгер ұстазды, ең бастысы – талантты дәрігерді көреміз.

Намаз аға 80 жасына қараған шағында өзінің өмірден көрген-түйгендерін, қойын дәптеріне түртіп жүрген жазбаларын жариялауды жөн көріп, өзінің өмірі жайында «О, Тәңірім, бұл мен ғой...» деген кітабын жарыққа шығарды. Бала Намаз бен дана Намаздың арасындағы өсу жолдарын, интернаттың қара наны мен ботқасынан басталған алаңсыз балалығынан бастап, өмірден алған тәжірибелерін, сәтті шыққан оталарын оқырманына ұсынды. Жоғарыда айтып кеткенімдей, баяндауынан қазақылықтың, қарапайымдылықтың желі ескен бұл кітапты кез келген жан бір демде оқып шығары анық, өйткені оқиға желісі қызықты болғандықтан, өзі-ақ жетелеп отырады. Мейірбикелердің жұмысына көңілі толып, солардың еңбегін өзінен басқа өзгелердің де бағалағанын қалап, дәрігер мен пациент арасындағы алтын көпір екендігін алға тартып та кітап шығарды. Намаз ағаның «Білгенімізді, өмірден түйгенімізді кейінгі ұрпақ білсін, үйренсін, артымызда болашаққа аманаттар мұра қалсын» деп өмірінің соңғы екі жылында баспаханамен екі ортада жүргені көз алдымызда.



Сонымен қатар, Намаз Ізімбергенұлы 2008 жылдан бастап өмірінің соңына дейін университетіміздің Редакциялық-баспа орталығынан шығатын West Kazakhstan Medical Journal журналының ғылыми редакторы міндетін атқарды.



Редакциялық-баспа орталығының аудармашысы С.Ұ. Тоғызбаева бірнеше жыл бұрын Намаз Ізімбергенұлына жазған арнауында:

Атағыңыз өрлеп жатыр жаққа алыс,  
Не тілесек, бәрі де бар – бақ, табыс.  
Мына біздің кабинеттің өзіне,  
Аяқ басып келгенің де мақтаныш.

Өміріңнің маздай берсін шырағы,  
Көңіліңнің сарқылмасын бұлағы.  
Сіз кіргенде ортамызда бір сәуле  
Жарқ еткендей болады да тұрады.

Мықты хирург, мінезге де жүдә бай,  
Оқымысты - қарапайым, бұ қалай?!  
Мысы басып тұратындай секілді,  
Кішіпейіл, салиқалы бұл ағай.

Қарапайым үлкенге де, кішіге,  
Жауаппенен қарайды әрбір ісіне.  
Біздер үшін бақ екенін біле ме  
Амандасу дәл осы бір кісіге?!

Жыр арнадық мерекенде елеп біз,  
Бұл салада баға жетпес дерексіз.  
Бір нәрсені білгеніңіз жөн болар,  
Студенттерге,  
Бізге,

Халыққа керексіз! – деген болатын. Шын мәнінде де Ұстаздың жүріс-тұрысы, болмысы, кескін-келбеті бәрімізге бағыт сілтеуші темірқазық іспетті. Ол кісі әңгіме барысында әңгімелесушінің жас ерекшелігіне қарай, такырып төңірегіне қарай бейімделе алушы еді.

Сандаған шәкірт тәрбиелеп, Қазақстан хирургиясына және ғылымына сүбелі үлес қосқан қазақтың осындай шоқтығы биік тұлғаларының бірі болған Намаз ағамыздың жүріп өткен өмір жолдары, басынан өткізген белестері, өмірлік ұстанымдары, ұлағатты сөздері және ақыл-кеңестері кім-кімге де үлгі-өнеге.